



ЖАСТАР ЖҰМЫС ТАПТЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ТІС ЕМДЕУ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ «ТАБЫСТЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ТАБЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН» ФОРМУЛАСЫН БЕРІК ҰСТАНАМЫЗ. ӨҢІРІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ ТЕК ЕЛДЕРІМІЗ АРАСЫНДАҒЫ СЕНІМДІ ДИАЛОГ ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА, БАРЛЫҚ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЛАЙЫҚТЫ ЖАУАПТЫ БІРЛЕСІП ІЗДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЕКЕНІНЕ СЕНІМДІМІН.

№96
(4684)

Сейсенбі
13 тамыз
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Сұлтан СЕЙІТ



«ҚАРАӨТКЕЛ» КӨПІРІ ЖАБЫЛДЫ

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы Қалқаман көшесінен «Қараөткел» көпіріне дейінгі жол төсеміне орташа жөндеу жұмыстарын жүргізілетінін хабарлады.

Жөндеу жұмыстарына байланысты, 12-18 тамыз күндері жоғарыда аталған учаске ішінара жабылады. Бұл ретте автокөлік құралдарының қозғалысы тараптардың бірі бойынша екі бағытта да жүзеге асырылатын болады.

«Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет» делінген хабарламада.

ТАРИФТЕР ӨЗГЕРЕДІ

ҚР Энергетика министрлігі электр энергиясына шекті тарифтерге өзгерістер енгізу туралы бұйрық дайындады.

Өзгерістер 1 қыркүйекте енгізіледі деп жоспарланған. Электр энергиясын сататын энергия өндіруші ұйымдардың бірінші тобында шекті баға 8,05-тен 8,27 теңге/кВтсағ-қа дейін, екіншісінде – 7,40-тан 7,98 теңге/кВтсағ-қа дейін, тоғызыншысында – 8,49-дан 9,27 теңге/кВтсағ-қа дейін өседі.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ҚАЙ БАҒЫТТА ДАМИДЫ?

Астана тұрғындарының саны жыл сайын өсіп келеді. Осы жағдайға байланысты қаланың әлеуметтік инфрақұрылымы да өзгеріп отыр. Бұл ретте тұрғын үй, жол құрылысы, қоғамдық көлік, мектеп, балабақша, денсаулық сақтау нысандарын салудың маңыздылығы арта түсті.

ПАРИЖ-2024: НӘТИЖЕ КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ МА?

Қазақстан құрамасы XXXIII жазғы Олимпиада ойындарын жеті медальмен аяқтады. Командалық есепте 43-орыннан көрінді.



Париж Олимпиадасына 12 елордалық 7 спорт түрінен қатысты. Ел қоржынындағы жалғыз алтынды дзюдошы Елдос Сметов еншіледі. Ол дзюдодан 60 келі салмақта сынға түсті. Сондай-ақ қазақстандықтар үш күміс медаль иеленді. Гимнастшы Нариман Курбанов, грек-рим күресі балуаны Демеу Жадыраев және елордалық боксшы Нұрбек Орал-

бай Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, боксшы Назым Қызыбай, дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев және Александра Ле мен Ислам Сәтпаев нысана көздеуден аралас командалық жарыста қола медаль иеленді. Келесі Олимпиада ойындары 2028 жылы Лос-Анджелесте өтеді.

8

МЫҢ БАЛА – АСТАНАДА

Бас қалада жас өрендер үшін «Астана – менің Отанымның елордасы» атты әлеуметтік тур басталды. Жоба шеңберінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген 1000 бала елорданың көрікті жерлерін тамашалайды.

Іс-шара Астана қалалық әкімдігінің «Астана даму орталығы» ЖШС ұйымдастыруымен өтуде. Тур қатысушылары қатарында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және мүмкіндігі шектеулі балалар бар. 10-14 жастағы балаларға кәсіби гидтер Астананың бірқатар тарихи-мәдени нысанымен таныстырады.

Алғашқы күнде елордаға Шымкент қаласынан 50 бала келіп, «Бәйтерек» монументін, Есіл өзені бойын, Океанариум,

Джунглинді тамашаласа, келесі күндері «Нұр Әлем» болашақ энергиясы музейін, Тұңғыш Президент музейін, Ұлттық музейді, «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығын, батут саябағы сияқты сауықтыру орындарын араламақ.

Балалардың саяхатын Астана қаласының әкімдігі толықтай қаржыландырған. Олар жатын орнымен және үш мезгіл тамақпен қамтылған. Қала ішінде арнайы автобуспен жүреді. 12 тамызда басталған әлеуметтік тур 15 қыркүйекке дейін жалғасады.



ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 520.78 \$ USD/KZT 477.06 ₸ RUB/KZT 5.37 ¥ CNY/KZT 66.53

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



КӨПҚЫРЛЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ДАМИДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуіне қатысу үшін Қазақстанға келген Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедовпен кездесу өткізді.

Президент саммит жұмысына қатысқаны үшін Сердар Бердімұхамедовке алғыс айтып, оның бұл сапары екі ел арасындағы көпжақты серіктестікті одан әрі ілгерілету тұрғысынан маңызды екенін атап өтті. «Қазақ-түрікмен қарым-қатынасы табысты дамып келеді. Сондай-ақ стратегиялық әріптестік сипатына толық сай. Көпқырлы мемлекетаралық байланыстарымызға қолдау көрсеткеніңіз және оны үнемі нығайтуға атсалысқаныңыз үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Бұған дейін айтқанымдай, экономикалық ынтымақтастығымыздың деңгейі жоғары. Үкіметтер өзара сауда көлемін 1 миллиард долларға жеткізу

үшін жұмыс істеп жатыр. Бұған елдеріміздің барлық мүмкіндігі бар. Энергетика, өнеркәсіп, көлік, логистика және басқа да салалардағы бірқатар жобалар жүзеге асыру сатысында тұр. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды арттыруға да қолайлы жағдай жасалған» деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Сердар Бердімұхамедов қонақжайлық танытқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сонымен қатар екі ел арасындағы ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. «Түрікменстан Қазақстанмен ынтымақтастыққа баса мән береді. Елдеріміз арасында белсенді саяси диалог орнаған.

Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы байланыстар жандануда. Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз биыл күзде Түрікменстанға ресми сапармен келесіз деп күтемін. Сондай-ақ Мақтымқұлы Пырағының 300 жылдық мерейтойына арналған халықаралық форумға қатысуға шақырамын» деді Түрікменстан Президенті.

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары сауда-экономика, энергетика, мұнай-газ және көлік-логистика салаларындағы қазақ-түрікмен ынтымақтастығының даму перспективасын талқылады. Сонымен қатар мәдени-гуманитарлық қатынастарды кеңейту мәселесін қарастырды.

ШЫҒЫС АЗИЯДАҒЫ БАСТЫ СЕРІКТЕСІМІЗ

Премьер-министр Олжас Бектенов JBIC (Japan Bank for International Cooperation) Жапония халықаралық ынтымақтастық банкінің төрағасы Хаяджи Нобумицумен кездесті. Қаржы саласындағы ынтымақтастықты кеңейту және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері талқыланды.



Жапония Қазақстанның Шығыс Азиядағы негізгі серіктестерінің бірі әрі бүгінде үздік-10 ірі инвесторлар қатарына кіреді. Қазақстан мен Жапония арасындағы тауар айналымы өткен жылы 10,5%-ға өсіп, \$2,1 млрд-қа жетті. Биылғы қаңтар-мамыр айларында өзара сауда көрсеткіші \$768 млн-ды құрады. 1993 жылдан бері Жапонияның Қазақстан экономикасына капитал салымдарының жинақталған көлемі шамамен \$8 млрд-қа жетті.

Үкімет басшысы JBIC-тің екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті. JBIC Жапония халықаралық ынтымақтастық банкі Қазақстанда энергиямен және сумен жабдықтау, тау-кен

өнеркәсібі, сондай-ақ көлік-логистика салаларында құны \$2,3 млрд болатын 26 жобаны іске асыруды қаржыландырды. Қазақстанның Даму банкімен бірлесіп энергетика (ЖЭК қоса алғанда), көлік саласы, машина жасау, азық-түлік өнеркәсібі және басқа да басым салалардағы бірлескен жобаларды \$200 млн сомасына қаржыландыру ниеті бойынша келісімге қол қою жоспарланып отыр.

«Жапонияның оңтүстігінде орын алған жер сілкінісіне байланысты хабарды өкінішпен қабылдадым. Ең бастысы, адамдар аман болып, табиғи апат ауқымды шығындарға алып келмейді деп үміттенемін. Жапония – біздің негізгі сауда-экономикалық әрі инвестициялық серіктесіміз.

Бүгінде қазақ-жапон қатынасы кеңейтілген стратегиялық әріптестік рухында дамып келеді. Қазақстан Үкіметі ынтымақтастық көзжиегін кеңейту ниетін құптайды және бірлескен жобаларды іске асыруда қажетті қолдау көрсетуге дайын» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Өз кезегінде JBIC төрағасы Хаяджи Нобумицумен ESG (Environment, Sustainability, Governance) шеңберінде «жасыл» қаржы және транзиттік қаржыландыру саласындағы бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға мүдделі екенін атап өтті. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар барлық перспективалық бағыттар бойынша ынтымақтастықты нығайтуға және кеңейтуге ниет білдірді.

ПРЕЗИДЕНТКЕ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысына қорғаныс ведомствосының биылғы бірінші жартыжылдықта атқарған жұмыстары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықаралық оқу-жаттығу жиындарының нәтижелері, жауынгерлік дайындыққа жаңа әдістер енгізу жөнінде мәлімет берілді. Сондай-ақ қарулы күштердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігіне қатысты бұған дейін берілген тапсырмалардың орын-

далу барысы жайында айтылды. Заманауи қару-жарақпен және әскери техникалармен қамтамасыз ету, қорғаныс инфрақұрылымын дамыту, әскери-патриоттық жұмыстарды күшейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Руслан Жақсылықов әскери

қызметшілер мен зейнеткерлерді әлеуметтік тұрғыдан қолдауды арттыру іс-шаралары туралы айтты. Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қорғаныс министріне Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әлеуетін одан әрі дамытуға бағытталған бірқатар тапсырма берді.



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ+ЖАПОНИЯ: ӘЛЕУЕТІ ЗОР МҮМКІНДІК

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Премьер-министр Олжас Бектенов «Орталық Азия + Жапония» диалогы бизнес-форумына қатысты. Форум алаңында Орталық Азия аймағы елдері мен Жапония делегацияларының 450-ден астам өкілі жиналды.

Жапонияның іскер топтарынан Toyota Tsusho Corporation, Mitsubishi Heavy Industries EMEA, Ltd., Mitsui & Co., Ltd ірі компанияларының басшылары мен менеджерлері, сарапшылар қауымдастығынан салалық жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлері қатысты. Экономикалық байланыстарды нығайту және цифрландыру, көлік-логистика саласы, АӨК, ауыр өнеркәсіп секторы және басқа да салалардағы өзара іс-қимылды кеңейту перспективалары талқыланды.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов өзінің алғы сөзінде көпжақты ынтымақтастықты арттырудың негізгі бағыттарын атап өтті. «Жапония жаһандық ауқымдағы экономикалық және техно-

логиялық көшбасшылардың бірі саналады. Жапон компанияларының өнімдері өзінің сапасы, сенімділігі және инновациялық жаңашылдығымен танымал. Бүкіл әлемдегі адамдардың тұрмыс сапасын жақсартуға баға жетпес үлес қосып, прогрестің алдыңғы қатарына шыққан мемлекет. Өз кезегінде, Орталық Азия – бұл қарқынды дамып келе жатқан аймақ, оның даму қарқыны жоғары және жан-жақты ынтымақтастық үшін барлық жағдай жасалған. Біздің аймағымыздағы елдер мен Жапония ынтымақтастықты үдемелі кеңейту үшін зор әлеуетке ие деп санаймын. Жапондық инвесторлардың қатысуымен трансұлттық жобаларды жүзеге асыру аймақтың экономикалық өзара байланысының деңгейін

арттыруға ықпал ететіні сөзсіз. Бүгінгі нәтижелі келіссөздер біздің көпжоспарлы әріптестігімізді сапалы жаңа деңгейге шығаруға бағытталған» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр Орталық Азия мен Жапонияның озық технологиялар трансферті және қосылған құны жоғары өнімдер өндіру саласындағы өзара іс-қимылына назар аударды. Бұл бағытта бірлескен инновациялық кластерлер, технопарктер мен инкубаторлар құру мүмкіндігі атап өтілді. Бүгінде Орталық Азия өңірінде мемлекеттік басқару секторын, финтех индустриясын және электронды коммерцияны айтарлықтай жаңғыртуға мүмкіндік беретін бірегей IT экожүйе құрылууда.

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮЙЛЕРІН АЛАДЫ

Астанада ведомствоаралық комиссияның шешімімен құрылысы ұзаққа созылған 150-ге жуық тұрғын үй кешені болды. Соңғы жылдары 140-тан астам тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталды.

Осыған дейін 15,5 мыңға жуық үлескер отбасы көптен күткен пәтерінің кілтін алды. Олардың арасында тұрғын үй кешені құрылысының аяқталуын 15 жылдан астам күткендер де бар.

Биыл қалған үйлердің құрылысын аяқтаймыз. Бұл ретте үлескерлердің жалпы саны 431 отбасыны құрайды. Қаланы аралау барысында «Араби 2 Гранитный 2» және «Зере 2» тұрғын үй кешендерінің құрылысымен таныстым. Мәселен, «Араби 2 Гранитный 2» тұрғын үй кешені 11 жыл бұрын проблемалы деп танылған. Мұнда пәтерінің кілтін 200-ге жуық адам күтіп жүр. Нысанды «Елорда құрылыс компаниясына» өткізу кезінде тұрғын үй кешенінің жер учаскесі де болған емес. Жер учаскесін бөлу, қажетті рәсімдерден толықтай өту бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Қазір



гі уақытта Б блогы бойынша құрылыс-монтаж жұмысы жүріп жатыр.

«Зере 2» тұрғын үй кешенінің де жағдайы осыған ұқсас. Оның тарихы 10 жыл бұрын басталған. Үлескерлер саны 230-дан асады. «Елорда құрылыс компаниясы»

бұл үйдің де құрылысын басынан бастады. Қазір ішкі әрлеу және инженерлік жүйелерді орнату жұмысы жүргізіліп жатыр.

Құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуы Мемлекет басшысының тікелей бақылауында.



БИЫЛ 23 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Қазіргі уақытта елордада 100 мыңға жуық оқушы орнына (екі ауысымды) арналған 30-дан астам мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жаңа оқу жылы ішінде 23 мектеп салынады. Бұл меже Астана үшін рекордты көрсеткіш болып саналады деп мәлімдеді қала басшысы Жеңіс Қасымбек.

«Астананың жаңа Бас жоспарында 2035 жылға дейін 430-дан астам әлеуметтік нысанның (мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер) құрылысы қарастырылған. Ал оның ішінде 164 нысан – мектеп. Осы жоспарды біртіндеп орындаймыз. Қазіргі уақытта қалада 100 мыңға жуық оқушы орнына (екі ауысымды) арналған 30-дан астам мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жаңа оқу жылы ішінде 23 мектеп салынады. Бұл елорда үшін рекордты көрсеткіш болып саналады» деп жазды әкім әлеуметтік желідегі парақшасында.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Samruk-Kazyna Construction қалада 24 жайлы мектеп (2024-2025 жылдар аралығында) салады. Жаңа үлгідегі мектептер екі ауысымда 90 мың оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді.

«Қаланы аралау барысында алдағы оқу жылының басында ашылатын мектептердің құрылысымен таныстым. Олар – 8 жайлы мектеп, мына мекенжайларда орналасқан:

- Сарыарқа ауданы, Ұлытау мен Наурыз көшелерінің қиылысында

және Бейбарыс Сұлтан көшесінде;

- Нұра ауданы, Төле би көшесі мен 24 көшенің қиылысында;

- Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы мен Сығанақ көшесінің қиылысында;

- Нұра ауданы, Төле би, 31 көшелерінде, Мәңгілік ел даңғылы мен Е-497 көшесінің қиылысында, Орынбор мен №37 көшелерінің қиылысында;

- Алматы ауданы, А.Байтұрсынұлы көшесінде. Сол сияқты оқу жылының басында жоғарыда аталған оқу орындарынан бөлек, тағы 3 мемлекеттік және бір жеке мектеп ашу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жыл соңына дейін тағы 7 жайлы мектеп, 2 мемлекеттік мектеп және 3 жекеменшік мектеп ашу жоспарда бар. Осылайша, жаңа оқу жылы ішінде 23 мектеп салынады. Біз сондай-ақ алдағы жылдарға да дайындалып отырмыз» деп түсіндірді әкім.

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ БОЙ КӨТЕРДІ

Халықаралық жастар күнінде елордада Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенттеріне арналған жатақхана ашылды. Жаңа студенттер үйі 400 орынға есептелген.



Индира БЕРЖАНОВА

Студенттер жатақханасының ашылуы салтанатына Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, елордалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университетінің басшылық құрамы, қалалық мәслихат депутаттары мен Қазақстан студенттер альянсының мүшелері қатысты.

«Алты қабатты ғимарат оқу орнының аумағында, нақтырақ айтсақ, Мағжан Жұмабаев даңғылында орналасқан. Нысан тиісті талаптарға толық сәйкес келеді. Корпуста заманауи жиһаздар, демалыс бөлмесі, ас

үй, шағын кітапханалар, қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бейнебақылау жүйесі, заманауи өрт сөндіру құралдары орнатылған. Студенттер үйінде екі және үш орынды бөлмелер бар. Әр студенттің жеке картасы болады. Жатақхана 25 тамыздан бастап студенттерді қабылдауға дайын. Жыл соңына дейін тағы 5 жатақхана ашу жоспарда бар» деді елордалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Самат Ибраев.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Ләззат Нұрқатова студенттер үйі білім алушылардың тұратын орны ғана емес, даму кеңістігі екенін атады.

«Жатақхана 1-курс студенттеріне арналады. Журналистика және саясаттану, экономика және заң факультетінің студенттері жатақханаға орналасу үшін құжаттарын тапсыра алады. Студенттер үйі қыздарға және ұлдарға арналған жеке 2 кіреберістен тұрады. Осылайша білім алушыларға олардың оқуы мен дамуына ықпал ететін заманауи, жайлы және еркін орта ұсынылады» деп бөлісті Л.Нұрқатова.

ЖАСТАР ЖҰМЫС ТАПТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарды қолдау және елдегі адами капиталдың сапасын дамыту бағыты бойынша берген тапсырмасын орындау мақсатында жұмыссыздық деңгейін төмендету шаралары елордада қарқынды жүруде.

Шапағат ӘБДІР

Бас қалада жұмыссыздықты жою, халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылып келеді. Осыған орай кеше елордалық жастар үшін «Арбат» жаяу жүргіншілер көшесінде кезекті бос орындар жәрмеңкесі өтті.

Аталған іс-шараны Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы, Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы, қала әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» және Сарыарқа ауданының аппараты бірлесіп өткізді.

Мұндағы мақсат жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы тікелей байланыс арқылы жұмыссыз азаматтарды, білім беру ұйымдарының түлектері мен жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу екенін айтқан ұйымдастырушылар жыл басынан бері Астанада мұндай жәрмеңке үш рет өткізілгенін тілге тиек етіп және оның тиімділігі турасында тоқталды.

– Жыл басынан бері Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» 3 бос орындар жәрмеңкесін өткізді. Оған елорданың 300-ден астам ұйымы қатысып, жас мамандарға 1000-ға жуық бос жұмыс орындары ұсынылды, 300-ге жуық адам жұмысқа орналастырылды. Ал кезекті өтіп жатқан бос орындар жәрмеңкесінде

40 мекеме жас мамандарға 200-ге жуық бос жұмыс орнын ұсынады. Жәрмеңке барысында жұмыс берушілер өз компанияларының презентациясын өткізіп, бос вакансияларын ұсынып, өздеріне деген ең қолайлы кандидаттардың базасын қалыптастырады. Жұмыс іздеушілер, өз кезегінде компаниялардың HR-менеджерлерімен тілдесіп, сұхбаттасудан өтіп, өзін қызықтырған сұрақтарын қоя алады, – дейді Neet жастармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Әлфараби Аймақ.

Айта кету керек, Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма «Астана жастарымен» бірлесіп тоқсан сайын бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізеді.

Жалпы 1 тамыздағы жағдай бойынша жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына 393,4 мың қазақстандық қатысып, 293,5 мың адам жұмыспен қамтылған. Оның 143,6 мыңы тұрақты жұмысқа орналасқан. Ал еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, субсидияланатын жұмыс орындарына 149,6 мың адам орналастырылған. Оның ішінде әлеуметтік жұмыс орындарында 13,5 мың адам, жастар практикасында 14,7 мың адам, қоғамдық жұмыстарда 97,8 мың адам, «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 6,7 мың адам, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы аясында 258 адам, «Күміс жас» жобасы аясында 16,7 мың адам жұмыспен қамтылған.



ЖАҢА КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Елорданың Байқоңыр ауданы жаңа қоғамдық кеңістікпен толықты. Қала тұрғындары демалуы үшін Толстой мен Абыралы көшесінің қиылысындағы бос жерде ашылды.

Ойын алаңынан бөлек, мұнда workout-аймақ және футбол алаңы жабдықталды. Ойын кешенінің аумағында жаңа асфальт пен тартан жабыны төселді. Балаларға арналған салтанатты шарада аниматорлар мен кәсіби спортшылар өнер көрсетті.

– Осы уақытқа дейін бұл жерде бос жерлер болған. Әкімдікке хабарласқаннан кейін, бір жарым айдан соң бізге осы алаң ұсынылды. Аудан әкіміне және оның командасына балаларға қуаныш пен күлкі сыйлағаны үшін үлкен алғыс айтқым келеді, – деді жергілікті тұрғын Раушан Исакова.

Мұнда балалар арасында футбол

байқауы өткізіліп, нәтижесінде қатысушылар медальмен және футбол доптарымен марапатталды. Сондай-ақ тұрғындарға ыңғайлы болу үшін жарықтандыру жүргізілді.

Естеріңізге сала кетейік, Байқоңыр ауданы бойынша жыл соңына дейін 117 (45 – жаңа, 72 – жөндеу-қалпына келтіру) аула аумағын абаттандыру жоспарланып отыр, қазір олардың 70-і толығымен аяқталды.

Астана қаласының әкімдігі қала тұрғындары бос уақытын сапасы өткізіп, салауатты өмір салтын ұстану үшін жан-жақты жағдай қалыптастыруда. Байқоңыр ауданындағы жұмыстар – соның бір дәлелі.

ЖӘРМЕҢКЕ ЖЫЛУЛЫҚ СЫЙЛАДЫ

Астанада «Барыс-Арена» спорт кешенінің жанында ауыл шаруашылығы өнімдерінің, ұлттық қолөнердің және Тәжікстанның ұлттық тағамдарының жәрмеңкесі өтті.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Жәрмеңкеде елордалықтардың қарасы қалың, бірі қауын-қарбыз алуға кезекке тұрса, екіншілері, тәжік қолөнерлері жасаған бұйымдарды қызықтап, саудасы келгенді сатып алып жатты.

Бидаулет Болатов есімді қала тұрғынының сөзінше, жәрмеңкеге арнайы келіп, асқабақ сатып алыпты.

– Асқабақ – құнарлы әрі дәмді тағамның бірі. Дәнінің емдік қасиеті бар.

Жыл сайын жәрмеңкелерден асқабақ алуға тырысамын. Тәжікстанда піскен асқабақтар қызықтырып, 10 данасын алдым. Әр данасы көлеміне қарай 1000-2000 теңгеден екен. Салыстырмалы түрде, біздің нарықтан арзандау, – деді ол.

Рас, тәжікстандық саудагерлер таразымен өлшемей-ақ дақылдың көлеміне қарай саудаға шығарғанын көрдік. Ағашты ойып, безендіріп, тартымды бұйымдар жасапты. Арқардың мүй-

ізінен жасалған пышаққа қызығып тұрғандар көп болды.

Жәрмеңкеде жаңа піскен жеміс-жидек, көкөніс, табиғи бал, жаңғақ, кептірілген жеміс, түрлі дәмдеуіштер және тағы басқасы бар. Ұлттық қолөнер бұйымдарын – былғарыдан, керамикадан, ағаштан жасалған бұйымдар, қолдан тігілген кілемдер, кадесейлар сатып алуға болады. Сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтары жәрмеңкеде дәстүрлі тәжік тағамдарын сатып алып, дәмін татты.



Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ

ТІС ЕМДЕУ НЕГЕ ҚЫМБАТ?

Астана қаласында кез келген көшесінен жеке тіс емханаларын кездестіруге болады. astana.32top.kz анықтамалық порталында 131 стоматология клиникасы тіркелген. Ең үздік деген 10 тіс емханасына хабарласып, дәл қазіргі бағаның жай-күйін анықтауға тырыстық. Бір байқағанымыз, оң жағалаудағы стоматологиялық қызмет түрлері сол жағалауда орналасқан клиникалардан арзан әрі уақыт жағынан тез қабылдай алады екен. Дегенмен тіс емдетудің бағасы қарапайым адамға оңай емес. Мәселен, тіс жұлдырудың орташа бағасы 15 мыңнан басталады. Емдеу, пломба салу – 17 мыңнан жоғары. Бір керамика тістің өзі 60-70 мыңнан басталса, имплант 80-90 мыңнан жоғары кете береді.

«Тісің сау, әдемі болса жас көрінесің, түгел болмаса сыртқы келбетіңе де сын. Үшінші баламды дүниеге әкелгеннен кейін тістерім ауыра бастады. Өкінішке қарай, мемлекеттік емханада тіс емдеу қарастырылмаған. Амалдың жоғынан ақылы клиникаға жүгіндім. Бір тісімді емдеу 30 мыңнан басталатынын айтты. Соңында барлығы 450 мың теңге деп есептеп берді. Бала күтіммен үйде отырған менде ондай ақша қайдан болсын?! Өздері Kaspi Bank арқылы бөліп төлеуді ұсынды. Қазір ай сайын тіс емдеткен ақшаны төлеп отырмын» дейді Астана қаласының тұрғыны Толқын Абдрахманова.

Ал жақында ғана 4 тісін емдеткен Дархан Жоламанов болса стоматологиялық қызметтің ақысы жыл сайын қымбаттайтынын айтады.

«Жуырда ғана 3-4 тісімді емдетуге 800 мың теңге кетті. Оның ішінде рентген, ақыл тісті жұлдырту, тағы басқа қызмет түрлері бар. Ал салдыруға 1 миллион теңге ақша керек екен» дейді ол.

Қарапайым мемлекеттік қызметте 300 мың теңге ғана жалақы алатын ол келесі жылы Ташкент қаласына баратынын айтты. Айтуынша, жақын достары тек тісті ғана емес, өздерінің денсаулығын да диагностикадан өткізу үшін сонда баруды әдетке айналдырған.

ТАБЫС – 40 МИЛЛИАРД

Жыл басынан бері стоматологиялық қызмет көрсетуден түскен табыс 40 миллиард теңгені құраған. Бірінші кредит-

Отыз екі тістің түгел, сау болғаны жақсы. Әйтпесе қалтаң қалың болуы керек. Олай дейтін себебіміз, тіс салдырту, емдету былай тұрсын, жай ғана жұлдырудың өзі шарықтап кеткен. Тісі ауырған адам жанының тыныштығы үшін қарызға несие рәсімдеп, емдетіп жатады. Ал жыл басынан бері стоматологиялық қызмет көрсетуден түскен табыс ең жоғарғы көрсеткішке жеткен.



тік бюро баспасөз қызметінің хабарлауынша, бұл өткен жылмен салыстырғанда 31 пайызға көбейген. Сонымен қатар кейінгі екі жылдағы ең жоғары көрсеткіш.

«2021 жылы халыққа зейнетақы жинақтарын алуға, оның ішінде емделуге рұқсат берілді. Алғашында бұл стоматологиялық қызметтер нарығына айтарлықтай әсер еткен жоқ. Дегенмен БЖЗҚ-дан алуға болатын шекті сома көтерілгенге дейін сұраныс күрт өсті. Нәтижесінде 2022 жылдың бірінші тоқсанында күрт өскен тіс дәрігерлерінің табысы 65,2 миллиард теңгені құрады» дейді бюро сарапшылары.

Осыған қарап-ақ стоматологтардың табысқа жетуін халық табысының өсуінен емес, керісінше, стоматология саласында ұсынылатын қызмет бағасының өсуімен байланыстыруға болады.

СЕНИМ АҚТАЛМАДЫ

Айтпақшы, «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова кезінде тіс емдеу үшін зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын алу кезінде кез келген чек шынайы болатынын алға тартқан еді.

«Біз тіс пен жаңа имплантаттардың санын тексере алмаймыз. Сондықтан тіс емдеуді өзі үшін маңызды деп санаған салымшыға сенім арттамыз. Өйткені тіс – асқазан-ішек жолына, көңіл күйге, оның ішінде сыртқы пішініне әсер ететін өте маңызды фактор. Біз де бәрі заңды жолмен жасалып жатқанын көріп отырмыз» деген болатын.

Дегенмен салымшылар да, стоматологтар да бұл сенімді ақтамады. Себебі Қазақстанда 10 тамыздан бастап зейнетақы жинағы есебінен тіс протездеу және имплантация қызметтеріне бөлінген қаражатты пайдалану-

ды уақытша тоқтату мәселесі көтерілді.

Жалпы осы уақытқа дейін «Отбасы банк» арқылы емделуге 435,1 млрд теңге біржолғы зейнетақы төлемдері пайдаланылды. Бұл соманың шамамен 98 пайызы стоматологиялық қызметтерге тиесілі – тіс протездеу және имплантация. Алайда халықтың емделуге жұмсаған тексеру кезінде мақсатсыз пайдалану жағдайлары анықталған. Банктің өзі бірқатар күдікті схеманың белгілерін анықтап, тиісті тұлғаларды жауапқа тарту үшін құқық қорғау органдарына жүгінген. Яғни кейбір клиникалар азаматтарға ақшаны қолма-қол алуға көмектескен. Тіпті кей клиникалар күніне 70-тен астам клиентті қабылдаған. Бірақ мұнда адамды қабылдайтын жағдайлары да болмаған.

«Біз 2021-2024 жылдар ара-

лығында БЖЗҚ қаражатына көрсетілетін қызметтер көлемі бойынша топ-25 стоматология клиникасының мемлекетке салық түрінде шамамен 63 млн теңге төлегенін анықтадық. Бұл ретте БЖЗҚ қаражаты есебінен ұқсас кезеңде көрсетілген қызметтер көлемі шамамен 91 млрд теңгені құрады, яғни салық жүктемесі небәрі 0,07 пайыз болған» деген басқарма төрағасы стоматология клиникалары тарапынан көрсетілетін қызметтердің шынайылығына күмәндану себептерін түсіндіріп берді.


Қысқаша айтқанда, енді Денсаулық сақтау министрлігі 2024 жылдың 10 тамызынан 2025 жылдың 1 ақпанына дейін протездеу және тіс имплантациясы бойынша стоматологиялық қызметке бөлінген қаражатты пайдалануды уақытша тоқтатуды жоспарлап отыр.

ТІС ДӘРІГЕРЛЕРІ НЕ ДЕЙДІ?

«Тіс емдету неге қымбат?» деген сауалымызды астаналық стоматолог Ержігіт Омаровқа қойған едік.

«Бұл сұрақты біз күнде естіміз. Әр клиникада тіс емдеу қызметінің бекітілген бағасы бар. Соған сәйкес тұтынушы өзінің қалтасын көтере алатын бағаны таңдайды. Мәселен, кеше ғана бір әйелге брекет орнаттық. Оған үш түрлі сападағыны ұсынып едім, орташа түріне тоқталды. Оның құны да орташа. Сол сияқты ақшасы бар кісілер ең жоғарғы сападағыны таңдайды. Дегенмен біз де қажетті жабдықтарды Германия, Оңтүстік Корея секілді елдерден алдырамыз. Сонымен қатар тіс емдеу әр дәрігердің білігіне де байланысты. Өзі ісіне сенімді тәжірибелі мамандар, әрине, арзан істеп бермейді» дейді ол.

Ал Dental bliss тіс емханасының дәрігері Серік Мұратов осы уақытқа дейін зейнетақы салымшыларымен жұмыс істемегенін айтады.



«Екі ай бұрын жеке клиникамды аштым. Бұған дейін жұмыс істеген жерімде күніне 9-10 адамды қабылдадық. Бәріне топырақ шашпаймын, дегенмен соңғы жылдары кейбір стоматологиялардың бизнесі алға басты. Яғни қолма-қол ақша шығарумен айналысқандары жасырын емес. Бағаның қымбаттығына келсем, ол жұмыс сапасына, қолданылатын материалға, бір адамға кететін уақыттың ұзақтығына байланысты. Бізде стоматологиялық қызметтің барлық түрі қамтылған. Дәрігер-терапевт, ортодонт, ортопед, хирург, имплантолог, балалар тіс дәрігері – бәрі бар» дейді Серік Әкімбайұлы.

Серік МӘЛІКОВ, емделуші:

– Зейнетақы қорымдағы алуға болатын ақшаға ең болмаса тістерімді жөндегіп алуды шештім. Алдын ала лицензиясы бар стоматология клиникасымен келісімшарт жасастым. Онда маған емделудің жоспары мен бағасын ұсынды. Цирконий қабығымен 6 тісімді протездеу – 840000, имплантация – 300000, фиксация 17000 теңге болды. Барлығы – 1157000 теңге. Енді өзіңіз ойлаңызшы, бұл баға арзан ба, қымбат па? Негізі, көршілес елдердің біріне барып емдетсем, қанша ақша үнемдер едім?..

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

АҒЗАҒА МАГНИЙ ЖЕТІСПЕСЕ НЕ БОЛАДЫ?

Қазіргі таңда көптеген адамның ағзасына магний дәрумені жетіспейді. Бұған немқұрайды қарамаған дұрыс. Өйткені магний – кальций сияқты ағзамызға ең қажет элемент.

Егер аяқ-қолдың ұюы, шаншуы, бұлшық еттің тартылуы, көңіл күйдің өзгеруі, ұйқының бұзылуы, күйзеліске тез түсу, ашуланшақтық, іш қату, өттің іркілуі, холестерин деңгейінің жоғарылауы байқалса, бұл – магний жетіспегеннің белгісі. Магний ағзада 500-

ге жуық химиялық реакцияға қатысады. Ағзада бұл элемент өте аз болса, аритмия (жүрек ырғағының бұзылуы), остеопороз, гипертония, демікпе тәрізді аурулар пайда болады. Магнийсіз кальций сіңірілмейді. Сол себепті де остеопороз пайда болады. Жалпы магнийдің негізгі қызметтері

жүйке жүйесін тыныштандыру, ішек жұмысын жақсарту, өттің бөлінуіне көмектесу, жүрек ырғағын дұрыстау, артериялық қысымды түсіру, кальциймен бірігіп сүйекті нығайту, дәрумендердің ағзаға сіңуіне көмектесу. Сондықтан әр адам өзінің денсаулығына ұқыпты қарап, ағзасына қандай дәруменнің тапшылығы бар екенін анықтау үшін тиісті талдауларды тапсыру керек.

Нұржан САДЫҚОВ,
дәрігер



Бұл соқпақ еді, даңғылға айналды. Даңғылдың басында Алаштың үш көсемінің рухани ізбасары Мұхтар Әуезов тұрды. Оның еңбектеріне арқау болып ғылым мен әдебиетке айналған өмірлік деректердің қайнары Кәкітайдан, Көкбайдан, Тұрағұлдан, Ділде мен Әйгерімнен, Әрханнан... тарайтын.

Қазақ қамымен күреске көтерілген зиялылар үшін Абай сөзі, қазақты түзетемін деген қайраткерлерге Абай мұраты халықты тану оқулығындай, елді білу бағдарламасындай болды. Халыққа дәл Абайдай жаны ашу, дәл Абайдай күйзелу, дәл Абайдай ел тағдыры мен талайын терең сезіну және ойлау мен бейнелеу Алаш ұранды азаматтарға зор мектеп болды. Алаш қайраткерлері ойшылды оқып қиюы кеткен, кешегі сәні көшкен қазақ санасының рухани дауасын, имани шипасын таныды. Олардың жүрегі мен санасында енді өздерінің елші ниетімен, ұлтшыл рухымен бірге абайлық мұраттан желі тартқан ой мен жауапкершілік тұрды. Ойы мен сөзі арқылы сомдалған Абай тұлғасы олардың рухани көсеміне айналды. Сондықтан да Алаш ақыны Мағжан Жұмабаев «Атақты ақын – сөзі алтын хакім Абайға» атты белгілі өлеңінде оны ерекше ардақтап:

*Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.*

Қарадан хакім болған сендей жанды

Дүние қолын жайып енді күтпес, – деп жазды.

Алаш қайраткерлері ұлт-азаттық күресінде саяси жағынан дәуірлік жағдаяттар мен мүмкіндіктерден өрістей қимыл көрсетіп, әрекет жаса-са, халықтың мәдени деңгейін көтеруде олар Абайдың философиялық, ағартушылық, жалпы гуманистік ойларынан өріс алды. Олардың мінез, білім мен мәдениет туралы пікірлерінен абайлық идеяларды аңғарамыз, жақсы байқаймыз.

Алаш қайраткерлерінің Абайдан тапқандары, ықыласпен қабылдағандары, біздің ойымызша, ойшылдың сыншылдығы. Абай сыны – уақыт сыны, яғни ұлы суреткердің сыншыл реализмі – дәуір контекстіндегі заман таразысындағы дәуірдің өз сыны. Осы сыннан қазақ қалай өтпек, замана тосқауылдарына қазақ қалай төтеп бермек, дәуірдің тағдырлы сауалдарына қазақ қалай жауап бермек, міне, Алаш қайраткерлері өздерінің күресі арқылы да, қаламы арқылы да осы тосқауылды еңсеру үшін тарих сахнасына шықты. Абай өз ішінен аласұрып іздеген, тынын таппаған, күйзелген күйін бұлар сыртқы әрекетшіл күреске айналдырды. Абай ойы Алаштың мұратына, Абай идеясы Алаштың бағдарына, Абай уайымы ішкі әрекетке ұласты. Бұл саяси күрес, бұл рухани майдан өз халқына деген ұлы перзенттік махаббаттан бастау алып, ерлік пен тәуекелге толы риясыз, тоқтаусыз күрес еді. Күрестің ұлы мәні қазақ баласының жарық дүниенің сәулесін өзгелермен тең көру үшін күресі, ар мен абырой күресі, азат ел болу күресі болатын. Бұл күрес қазақ тарихында Ұлттық жаңғыру дәуірін жасады. Оның рухани сәулетшісі Абай болса, уығын қадап, керегесін керіп, Алаш отауының отын лаулапқан, халқының жүрегін жылытқан, санасына сәуле берген саяси көсемі Әлихан, рухани көсемі Ахмет бастаған күрескерлер еді.

Еліміздің егемендік алуы халқымызға қымбат, ұлтымызға ұлық ұғымдардың жиі

Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Одан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ РЕНЕССАНСЫ: АБАЙ ЖӘНЕ АЛАШ

Алаш қайраткерлеріне Абайдың асыл сөзі мен терең ойы жетті. Абайдың өмірі оларға Шыңғыстауды жайлаған әйгілі Құнанбай бидің баласы ретінде танылып, Алаш оқығандары ойшыл ақынның ортасын таныды. Өлең мен өмірін қоса алсақ, Алаш зиялылары кемеңгердің өмірінен гөрі, өлеңінен, қара сөздерінен оның тұлғалық қасиетін ұғынды. Қазақ өмірін, тұрмысын, тағдырын осыншама терең, осыншама білгір сыншылдықпен бейнелеген ақын қазақта бұрын-соңды, жалпы ұлт тарихында болмағанын олар бірден мойындады, бірден түсінді. Сөйтіп Әлихан, Ахмет нәм Міржақып біз білетін мақалаларын жазды. Содан абайтанудың парағы ашылды.



және құрметпен айтылуына да жол ашқаны баршамызға белгілі. Сондай ұғымдардың бірі – «Алаш». Бұл «Алаш» сөзінің астары, мағынасы жөнінде көптеген пікір бар. Осы тұста мәселе олардың барлығын түгендеп шығу емес. Ең бастысы «Алаш» сөзі бар қазақтың баласына аяулы, қымбат, құрметті болуында. Сонау тарихи дәуірлерден жеткен осы ұғымның бойында барша қазақты тұтастыратын қуат, біріктіретін күш, бауырластыратын құдірет жатқаны ақиқат. «Алаш» сөзі тіліміздегі өзге сөздермен тіркесе келіп, кеше де, бүгін де сан ұғымдарға ұйытқы болғаны да шындық. Осындай ұғымның бірі – «Алаш ұранды» деген тіркес. Қазақтың рухани тарихында осы «Алаш ұранды» деген тіркесті ең алдымен данышпан Абай қолданған екен. «Алаш» сөзінің шығу тарихына үңілген дана Абай бабаларымыздың жауынгерлігін айта келіп: «Сондықтан «алаш-алаш» болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен» дейді. Сол алаштың ұрпағы Алла жар болып, өзінің егемендігін алды, азаттықтың арайлы таңын көрді. Абай Алаш ұранды қазақ атаған елдің ұрпағы Абайдан кейінгі дәуірде ел мен жердің бостандығы үшін күресті. Сол күрестің ұрнына ұлы Абай айтқан Алаш сөзін алды. Алаш қайраткерлері 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда І жалпықазақ съезін ашып, партия құру туралы қаулы қабылдады. Сол күндері Алаш қозғалысының үні «Қазақ» газеті: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою оялап өуре болмастан ауызға түсіп тұр» деп шабыттана жар салды.

Абай арқылы, ең алдымен, Алаш қозғалысының қазақ баласына, адамға, тұлғаға, содан шығып, әлеуметке деген көзқарасын дәйектеуіміз керек. Алаш қайраткерлерінің, қаламгерлерінің еңбектерімен танысқанда, олардың ой-пікірлеріндегі гуманистік аңсарды аңғармау мүмкін емес. Әрбірден соң, қозғалыстың өзі – адамға, ұлтқа деген жанашырлықтан туған гуманистік әрекет. Осы гуманизмнің негізінде қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан этникалық гуманизмі және Абай гуманизмі жатқанын ерекше бөліп айтуға тиіспіз. Абай гуманизмінің негізі – ислам және қазақтың ұлттық құндылықтары.

Абайдың гуманизмі алғаш Шәкәрім шығармашылығында дамып, одан кейін Алаш қаламгерлерінің поэзиялық және прозалық туындыларында

жалғасын тапты. Алаш зиялыларының гуманизмі олардың қайраткерлік әрекеттерінің де өзегі еді. Мұндай гуманизм болмаса, олар ұлт тағдыры жолындағы жанкештілік әрекеттерге де бармас еді. Алаш қайраткерлерінің осы тұстағы ұлт мүддесі жолындағы әрекеті мен мақсатына беріктігін шынайы әрі терең көрсететін құрылым, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге жүртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жауапкершілік, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес». Аханның айтып отырғаны – адам баласының өз ұлтының тағдырына деген табиғи жанашырлығы, адамгершілігі. Осыны советтік оспапар саясаты бейнебір адамға тән емес теріс әрекет ретінде бағалады. Ар білімін насихаттаған Шәкәрім қажының, «Адамдық диқаншысы» болған Ахандар тобының ұлы гуманизмін көруге әлгі саяз советтік саясаттың өресі де жетпеді, бағыты да келіспеді.

Алаш қозғалысының қазақтың Жаңғыру дәуірі болғанын, оның «елім» деген, «жұр-

“““

Еліміздің егемендік алуы халқымызға қымбат, ұлтымызға ұлық ұғымдардың жиі және құрметпен айтылуына да жол ашқаны баршамызға белгілі. Сондай ұғымдардың бірі – «Алаш». Бұл «Алаш» сөзінің астары, мағынасы жөнінде көптеген пікір бар. Осы тұста мәселе олардың барлығын түгендеп шығу емес. Ең бастысы «Алаш» сөзі бар қазақтың баласына аяулы, қымбат, құрметті болуында. Сонау тарихи дәуірлерден жеткен осы ұғымның бойында барша қазақты тұтастыратын қуат, біріктіретін күш, бауырластыратын құдірет жатқаны ақиқат

тым» деген азаматтардың басын қосқанымен де дәлелдеуге болады. Ол Жаңғыру құбылысының жалпы елдік, бүтін ұлттық, тұтас халықтық ірі құбылыс екенін айғақтайды. Аблай заманында сыртқы жаудың қауіп-қатерінен басы қосылған қазақ, Кенесары, Махамбет, Абай дәуірінде «Бас-басына би болған» қазақ Алаш тұсында бас біріктірді, ой біріктірді, қимыл біріктірді. Оның негізінде Отанына, сол Отанының ұрпағына деген ұлы жанашырлық жатты. Бұл нағыз Ренессанстың тамыры боларлық гуманизм еді. Алаш қозғалысының қазақ Ренессансы болғанына бұл құбылыстың мәнінен бейхабар адам ғана келіспейді. Алаш қозғалысын Ренессанс ету біздің қалауымыз бен еркіміз емес. Ақиқаты солай.

Алаш қозғалысы қалыптастырған ұлттық ірі Ренессанстың ең басты сәулетшілері де, құрылысшылары да ұлттың шексіз сүйген, еркін ойлы қаламгерлер болды. Қазақтың сөз өнері ұлттың мұңын айту да қай заманда да алдыңғы қатардан көрінетін. Өйткені саяси билігі отаршыл империяның қолында кеткен, адамы кемсітуге, жері талауға түскен қазақ даласында елдікті аңсау, азаттыққа ұмтылу сарындары – ұлттың сол тұстағы ең дамыған қоғамдық ойы, өнері сөз өнерінен көрінбек. Дулат, Махамбет замандарынан келіп, Нарманбет, Ғұмар Қараш тұсына дейінгі әдебиеттің басты пафосына айналған азат күнді аңсау, бодандықтан туған торығу көңіл күйін Алаш қозғалысының қарқынды серпіні сейілтті. Серпіннен сенім туды, содан халықты ояту, еркіндікке үндеу идеялары жарыққа шыға бастады. Сондықтан да қозғалыстың өрістеуіне ақын-жазушылардың қаламгерлік те, қайраткерлік те үлесі айрықша болды. Біздің ойымызша, Алаш қозғалысы дәуірі – ұлттық жазба әдебиетінің тарихындағы ерекше жылдар. Қазақтың жазба әдебиетінің өмірге келуінің бастапқы кезеңі Абай заманымен байланысты болғанымен, оның буыны бекіп, бұғанасы қатуы XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарына келеді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдебиетке Ыбырай Алтынсарин, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Нарманбет Орманбетұлы, т. б. кейбір жекелеген әдебиет өкілдерінің шығармашылығы мысал бола ала, келесі ғасырдың басында жазба әдебиет өкілдерінің саны еселеп артты. Жазба әдебиеттің жарық көретін қалыптасы – баспасөз, кітап басу ісінің дамуы жазба әдебиетті өркендету тусты. Ендігі жерде әдебиет оқырманға арнала бастады. «Айқап» журналы, «Қазақ», т. б. газеттер көркем ойды

мыңдаған оқырманға жеткізуге айналды. Үшіншіден, көркем проза, драма, әдеби сын үлгілері туып қалыптасты. Әдеби сынның қалыптасуы, оның шығармаға, әдеби мұраға, әдеби процеске баға беруі жазба әдебиеттің есейе бастағанының айғағы болды. Абай шығармаларының тұңғыш жинағының жарық көруі жазба әдебиеттің қалыптасуына игі ықпал етсе, Міржақыптың «Оян, қазағы!», Аханның «Масасы» әдебиеттегі ұлтшылдық, елшілік ұрандарды күшейтті. Сөйтіп, бұл жаңашыл дәстүрді Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Мұхтар, Бейімбет секілді жас дарындар соны көркемдік сапада, тың қырынан жалғастырып өкетті. Соның нәтижесінде Алаштың қалам қайраткерлері қазақтың тұңғыш романдары мен драмалық шығармаларын, алғашқы әдеби-сын мақалаларын дүниеге келтірді. Қазақтың өз өнерін жанрлық жағынан да, идеялық-көркемдік жағынан да байытып, жазба әдебиетін қалыптастырды. Шамасы он-он бес жылдың ішінде Алаш қаламгерлерінің ерен қабілеті, ұлтына деген ерекше махаббаты, туған жұртының бүгінгісіне көңілі толмаған күдігі мен азат болашағына сенген үміті кейінгілерге үлгі боларлық әдеби туындыларды өмірге әкелді. Алаш ұранды әдебиеттің беті мен екпіні, бағыты мен мазмұны Ахан бастаған қазақ ақын-жазушыларының ұсталып кеткен кезеңіне дейін, яғни 1920 жылдардың соңына дейін жалғасты. Сол екпіні, сол бет, сол бағыт қашан да ұлтына перзенттік сүйіспеншілігі мен адалдығын сақтаған қаламгерлердің шығармашылығында баяу болса да қан тамырындай бүлк-бүлк соғып жатты. Алаштық саралы жолдан ауытқыған советтік әдебиет әсіре қызылдың тез оңатынын сезбестен, адамға емес, саясатқа қолбалалық, құлдық сапарын айғай-шүмен, беттен алумен бастап, бір кісінің ғұмырындай ғана өмір кешті. Әуелден таза, әуелден көркем, әуелден адамға, ұлтқа деген жанашырлық пен ізгілікке, шуақ пен мейірімге толы «Алаш әдебиеті» аталатын алып бәйтерек қайта жаңғырып, ізгілік тұқымдарын шаша бастады. Ендігі жерде қазақ баласы жасағанынша жасайтын оның байтақ та баянды мәңгілік өнегелі сапары басталды.

Қазақ Ренессансы жазба әдебиетін қалыптастыра отырып, жазу мәдениетін де, көркем тіл мәдениетін де өсірді. Олардың өсуі мен өрлеуі бастапқыда жазба әдебиеттен байқалатыны белгілі. Абай заманында өмірге келіп, өркен жая бастаған жазба әдебиеттің нағыз бағбаншылары Алаш ұранды әдебиет өкілдері бол-

ды дегенде, ең алдымен, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ғ.Қараш, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, М.Әуезов есімдерін ағай отырып, Алаш қозғалысының осы белді, белсенді мүшелері қазақтың жазба әдебиетін тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан байытқанын әдебиет тарихы жүзінде байыптауымыз қажет. Яғни негізінен, ауызша айтылып, тыңдалып жүрген көркем сөз үлгілері хатқа түсіп, жазу түрінде газет, кітап беттеріне көше бастады. Бұл әдебиеттің өмір сүру, таралу типін ғана өзгертіп қоймай, ең бастысы, жазудың мәдениетін арттырды. Көркем ойды жеткізудің тілдегі стилистикалық мүмкіндіктерін еселеді. Соған орай жанды көркем түрлер пайда болды, тың сөз тіркестері мен сөйлемдер жасалды. Туған тілінің осы мүмкіншіліктерін тумысынан талантты, ұлтына ұлы махаббаты табиғи Алаш ұландары ұтымды пайдалана алды. Сөйтіп, қандай да бір қасандықтан ада, адами құндылықтарды ту еткен, халқының халіне, ұлтының ұйысуына зерек ой, адал ниетпен көмкерілген көркем туындылар дүниеге келді. Бұл «Алаш әдебиеті» деп аталатын жаңа әдеби дәуірдің бастапқы кезеңдерінде ұраншылдық, насихатшылық басым болғанымен, шамамен жас дарындар Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтің шығармалары жазыла, жарық көре бастаған тұстан бері қарай көркемдігі кемел дүниелер бой көрсете бастады. Осы эволюциялық жол – Алаш әдебиетінің тез өсіп, жедел ілгерілегенін көрсетеді. Оның мысалы – «Оян, қазақ!», «Маса», «Бала тұлпар» мен «Батыр Баян», «Қорғансыздың күні», «Ақбілек» аралығы.

Алаш қозғалысы қазақ Ренессансын тудырса, осы Жаңғыру дәуіріндегі көркем әдебиет ұлттық жазба әдебиетін қалыптастырды. Ол ұлт санасының өсуіне, халқын азаттық пен ізгілікке үндер ұрпақтың өсіп-толысуына бастады. Алаш ұранды әдебиеттің бәйтерегі ұлтжанды сөз өнерінің дақпылын сеуіп үлгерді. Кеңестік саясат Алаш қаламгерлерін құдалап, есімдері мен шығармаларын халық көзінен қаншалықты аластағанымен, ол бәйтерек өз жемісін берді. Қазақ тәуелсіз ел, терезесі тең жұрт болып болашаққа тартып бара жатқан шақта Алаш қайраткерлері, қаламгерлері тұрғызған Ренессанс мұнарасы бүгінгі ұрпаққа да, келесі ұрпаққа да баянды бағдар бола бермек.

Ербол ТІЛЕШОВ,
ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Тіл саясаты комитетінің төрағасы



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ҰЛЫ АҚЫН ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

РУХАНИЯТ ПЕН МӘДЕНИЕТ
ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Руханият» мекемесі мен Сарыарқа ауданының әкімдігі ұйымдастырған рәсімге Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, қалалық мәслихат депутаттары мен қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, Аманат партиясының Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, Абайдың Ақылбайдан тараған жиеншары Ләйлә Баймағамбетова, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер мен ғалымдар, ардагерлер, қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

– Ұлы Абай – қазақ руханияты мен мәдениетінің темірқазығы. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы әлі күнге дейін әр қазақтың жүрегінен орын тауып келеді. Абай шығармашылығымен танысу сананы оятып, кең әрі терең ойлауға мәжбүрлейді, жаңа көңіл күй мен сезім сыйлайды, ақжарқын армандарға жетелейді, өз-өзіңді тану арқылы тазару мен рухани баюға итермелейді. Абай өз халқы үшін ғана емес, сонымен қоса, әлем халқы үшін баға жетпес үлес қосты. Абай сынды алып тұлғаның кемел ойларының рухани өркендеудегі құндылығы – қазақ қоғамының кешегі, бүгінгі және ертеңгі күнінің мәңгілік мәселелерімен сабақтастығында. Ұлы ойшылдың мұрасы – еліміздің одан әрі өсіп-өркендеуіне жол ашатын баға жетпес құндылық. Абайдың асқақ рухы ұлы мұраттарға жетелей берсін, – деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР КІЛТІ

«Журналистер» саябағында «Алдымда ақын Абай – темірқазық» әдеби кеші өтті. Елорданың Байқоңыр ауданының әкімдігі, Астана қаласының Білім басқармасы, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мек-



Абай күні мерекесіне орай Астана қаласында алдағы онкүндікте Абай шығармаларын насихаттау мақсатында аудан әкімдіктерінің, білім, мәдениет салалары мекемелерінің ұйымдастыруымен 80-ге жуық іс-шара өткізу жоспарланған. Хакімді ұлықтау жылдағы дәстүрдей елордадағы ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды.

теп-гимназия ұйымдастырған кешке қаламгерлер, ғалымдар, ұстаздар қауымы мен оқушылар қатысты. Кеш барысында Абай өлеңдері оқылып, әндері шырқалды.

– Абай қалай бүгінгі ұрпаққа жету керек, бүгінгі жастар не үйрену керек деген кезде Абай даналығының мәнін бір ғана ауыз сөзге сыйдыруға болады, бұл – ұлтты бақытты ету. Ұлтты бақытты етудің үлкен кілті – еңбек пен өнер. Өнерге Абай технологияны, техниканы да сыйдырған. Қазіргі жасанды интеллект, IT-технология – бәрі де Абайдың бізге аманаттап кеткен міндеттері. Біз оны ұмытпауымыз керек, – деді іс-шара барысында белгілі ғалым, академик, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы.

Белгілі ақын, абытанушы, «Бала Абай» жобасының авторы Алмахан Мұхаметқалиқызы быыл ұлы Абайдың, оның балалары Мағауия мен Ақылбайдың дүниеден өткеніне 120 жыл толып отырғанын айта келе,

осы жылды «Абай жылы» деп атауға болатыны туралы пікірін жеткізді.

– Құнанбайдың 220 жылдығын быыл Семей жері, Абай елі жақсылық өткізді. Біз Абайды ғана емес, Абайдың айнала әрі жоғары құндылықтарды білгеніміз өте дұрыс деп ойлаймын. Өлеңдері мен қара сөздерін ғана жаттаумен тоқтап қалмауымыз керек. Бүгінге Алаш арыстары жеткізген Абай шығармашылығындағы ұлтты тәрбиелеу идеясын ұғынуымыз қажет. Мағжан Жұмабайұлы өзінің «Педагогика» еңбегінде «данышпан Абай осылай деп айтқан» деп Абайды тіліне тиек етеді. Ұлт руханиятының, ұлт құндылығының, салт-дәстүріміздің, бүкіл бойымыздағы, қанымыздағы құндылығының кілті – Абайда, – деді Алмахан Мұхаметқалиқызы.

Оның сөзін белгілі ақын, Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы жалғады.

– Алмахан апай айтқандай, биыл – Абайдың өмірден өткеніне 120 жыл. Абайдан сонша алыстағанымызбен, Абайдың рухына жақынды береміз. Абай айтқан асыл қасиеттердің барлығы қазақ баласының бойынан табылса, Алаш баласы адаспайды деп ойлаймын. Өйткені Алаш



зиялыларының өзі Абайдың ақыл-ойын өздеріне темірқазық қылды, – деді Дәулеткерей Кәпұлы.

ӘЛЕМДІК ОЙДЫҒЫ АЛЫБЫ

«Журналистер» саябағымен қатар жатқан «Қаламгерлер» аллеясында «Абай – руханияттың алтын қазығы» әдеби-сазды кеші өтті. Астана қаласы орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі ұйымдастырған іс-шараны белгілі ғалым, академик, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы мен ақын, Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлы ашып берді. Кеш барысында абытанушылар Қалихан Алтыбаев пен Алмахан Мұхаметқалиқызы жиналғандарды Абай әлеміне жетеледі. «Тіл-қазына» орталығының қызметкерлері, ақындар Жарқынбек Жұмаділұлы, Біржан Ахмер, Арман Шеризат қатысып, ұлы Абайдың және өздерінің өлеңдерін оқыды. Абай әндері әуелеп, «Әлемдік ойдың алыбы» көрмесі ұйымдастырылды. Әдеби-сазды кешке белсенді атсалысқандарға орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің алғыс хаттары тапсырылды.

ДОМБЫРА PARTY ЖАҢҒЫРДЫ

Есіл өзені жағалауында Абай күніне орай Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы және Сарыарқа ауданы әкімдігінің қолдауымен Домбыра Party ұйымдастырылды. 500 адам жиналған ән-күй мерекесінде К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенттері, Ұлытау, Түркістан, Маңғыстау, Абай облыстарынан келген өнерпаздар өнер көрсетті. Қызықты ойындар өтіп, жеңімпаздарға сыйлықтар тапсырылды. Іс-шараны ұйымдастырушы Алмас Алтайдың айтуынша, Абай рухы арқылы көптен бері үзіліп қалған Домбыра Party жаңғырды. Бұдан былай әр сенбі сайын ауа райы мүмкіндік бергенше домбыра салтанаты өткізілмек. Келесі Домбыра Party Есіл жағалауында 17 тамыз күні ұйымдастырылмақ.

ҚАРА СӨЗДЕР ҒИБРАТЫ

«Синтез» эксперименталды театры Абайдың даналығы мен философиялық трактаттарын насихаттау мақсатында «45» атты ғибратқа толы аллегориялық драманы ұсынды. Қойылымда Абайдың қара сөздерінен көрермендердің қабылдауына жеңіл үзінділер мағынасы өзгертілмей заманауи тілде жеткізілді.

АБАЙ МЕН ФИРДОУСИДІҢ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ізгі адамгершілік мұраттарының, салт-дәстүрінің, әдет-ғұрпының, тілі мен мәдениетінің көрінісі. Ол – жаңа қазақ мәдениетінің, өркениетінің және әдебиетінің сәулетшісі, қазақ халқының өткен дәуірінің ең көрнекті ақыны әрі ойшылы.

Ұлы тұлға жаңа қазақ мәдениетінің негізін салуға үлкен үлес қосты. Ол өз халқы үшін терең ойшыл, күдіретті ақын, сенімді

зерттеуші ролінде ғана қалып қойған жоқ, сонымен бірге өзінің көмегі арқылы қазақ елінің хақты іздеушілерінің жолын нұрландырды.

Абай – қазақ халқының болмысын қалыптастыруға үлес қосқан бірден-бір тұлға. Бірақ бұл мақсатқа басқа мәдениеттерде кездесетін жақсы әрі жоғары құндылықтарды жоққа шығару арқылы қол жеткізген жоқ. Қазақтың ұлы ақыны, ғұламасы Абай Құнанбаев қалдырған асыл мұра оның ислам мәдениетінен, парсы өркениеті мен бай әдебиетінен нәр алғанын аңғартады. Ол өз туындыларында

Хәкім Фердоуси Туси, Низами Гянджави, Саади Ширази және Хафез Ширази сияқты Иранның ұлы ақындарын бірнеше рет атап өткен. Ал өз жәдігерлерінде сол ұлы тұлғалардың шығармашылығынан үзінділер келтіруі – парсы ақындарына деген құрметінің белгісі.

Абай – жаңа қазақ әдебиетінің негізін салушы әрі қазақ халқының ең маңызды ұлттық тұлғаларының бірі.

Біртуар ақын Таяу Шығыс елдерінің, әсіресе Фердоуси сияқты танымал парсы ақын-жазушыларының әдеби шығармаларынан шабыт алған және оның туындыларында Шахнаманың түрлі тақырыптары мен мазмұндарын кездестіруге болады.

Қазақ ақыны Абай да өз шығармаларында қазақ халқын ғылым үйренуге шақырып, ана тілімен қатар араб, парсы, орыс тілдерін

де меңгеруді тапсырып, «ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына баймайды» деп айтты.

Әли Акбар Талеби МАТИН, Иран Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы елшілігінің мәдени істер жөніндегі кеңесшісі

ПАРИЖ-2024: НӘТИЖЕ КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ МА?

Төрткүл дүниенің назарын өзіне аударған төртжылдықтың басты додасы аяқталды. Енді Париж Олимпиадасында жеткен жетістіктер мен кеткен кемшіліктерді саралап, өзге елдермен салыстыруға болатындай.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Спорт ағылшын тілінен аударғанда «ойын, көңіл көтеру» дегенді білдіреді. Қазір спорт ойын-сауық мәніне қарағанда, саясаттың ажырамас бөлшегіне айналды әрі елдердің әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-инновациялық әлеуетін бағамдайтын өлшемі саналады. Осы себепті Олимпиада ойындарында әлем елдері адами әлеуетін көрсетуді басымдық етіп, командалық есепте жоғарыдан көрінуге күш салады.

Соңғы онжылдықта АҚШ пен Қытай барлық салада бәсекелестікті күшейтті. Ғарышты игеруден бастап жоғары жетістіктер спортына да ерекше мән беруде. Мәселен, Токио Олимпиадасында АҚШ құрамасы 39 алтын, 41 күміс, 33 қола медаль жинап, командалық есепте топ жарды. Ал Қытай 38 алтын, 32 күміс, 18 қола медальмен екінші орын алған-ды. Қытайлықтар кеткен

есесін Парижде қайтаруды ойластырып, соңғы сәтке дейін бірінші орында тұрды. Тек спорт ойындарынан дараланған АҚШ спортшылары жеңісті жұлып әкетті. Париж-2024 қорытындысы АҚШ 40 алтын, 44 күміс, 42 қола, Қытай 40 алтын, 27 күміс, 24 қола медаль еншіледі. Яғни қос командада алтын медаль тең болғанмен, америкалықтарға күмістің көптігі көмегі тиді.

Соңғы сәтке дейін үздік үштікті Аустралия түйіндеп тұрған-ды. Жапония бір есебі бар екен, соңғы күні күрес түрлерінен екі алтын медаль еншілеп, жеңісті жұлып әкетті. Жапонияда – 20, 12, 13, Аустралияда 18, 19, 16 медаль жиынтығы бар.

Олимпиада қорытындысы бойынша үздік ондыққа енген командалардың қай-қайсысы да осал емес. Әлемдік экономикада өзіндік орны бар, ғылымды дамытуға басымдық берген, индустрия-инновация өндірісі дамыған елдер. Олар – Франция (16, 26, 22), Нидерланды (15, 7, 12), Ұлыбритания (14, 22, 29),

Оңтүстік Корея (13, 9, 10), Италия (12, 13, 8), Германия (12, 13, 8).

Халықаралық спорт индексі Олимпиада ойындарындағы жетістік, элиталық спорттағы көрсеткіш, FIFA рейтингісі және тағы басқасы арқылы әлем елдерінің бұқаралық және жоғары жетістіктер спорт түрлерінің даму деңгейін саралайды. Халықаралық ұйымның көрсеткішін талдайтын болсақ, Париж Олимпиадасында үздік ондыққа кірген елдерде спорт инфрақұрылымы жоғары деңгейде, ғылыммен байланысы жақсы, медицина мен фармакология саласы дамығанын көруге болады.

Соғыс оты өршіп тұрған Украина спортшылары өрлікті, ерлікті, ірілікті көрсетіп, 3 алтын, 5 күміс, 4 қола медальмен жалпыкомандалық есепте 22-орыннан көрінді. Грузияның табысы жаман емес, 3 алтын, 3 күміс, 1 қола медальмен 24-орынға жайғасты. Үздік отыздықта 2 алтын, 2 күміс, 3 қола медальмен Әзербайжан түйіндеді.

ТМД және Орта Азия елдері арасында ең жоғары көрсеткішке Өзбекстан қол жеткізді. Ала шапанды көршіміз 8 алтын, 2 күміс, 3 қола медаль жинап, жалпыкомандалық есепте 13-орынға көтерілді. Сөйтіп нағыз сенсация тіркеді. Жоқ, мұны сенсация дегеннен гөрі, ұзақ жылдық жүйелі жұмыстың жемісі, спортқа деген дұрыс көзқарастың нәтижесі дегеніміз дұрыс-ау. Айтқандай, 3 өзбек спортшысы 2 дүркін Олимпиада чемпионы атаңды және 5 боксшы Олимп турнирінде дараланды. Мұны да зор жетістік деуге болады.

Біздің еншіге 1 алтын, 3 қола, 3 күміс жүлде бұйырып, 43-сатыдан көріндік. Әрине, өз-өзімізді ақтап алатын болсақ, оның жолы көп. Мәселен, 207 мемлекеттің



арасында 43-орыннан көріну де жетістік. Екінші жағынан, Токио Олимпиадасында 8 қола медальмен 83-орыннан көрінген едік. Салыстырмалы түрде жоғарылады. Бірақ біздің елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін есепке алсақ, үздік жиырмалықтың ішінде тұрақты көрінуге мүмкіндік бар деп есептейміз. Атланта, Сиднейде өткен Олимпиада ойындарында соған жақын болдық та. Енді спорт саласындағы олқылықтардың орнын толтырып, 2028 жылы өтетін Олимпиада ойындарында үздік 20 команданың қатарында болатын шығармыз. Айтқандай, Париж төрінде күміс медаль олжалаған боксшы Нұрбек Оралбай Лос-Анджелес Олимпиадасында күмісті алтын медальға алмастыруға уәде етті. Сөйтіп, чемпион рухты спортшы Нұрбек әуежайға

күтіп алуға келген жерлестерін қуантты.

Елдегі бірқатар сарапшымен пікірлесіп, спортты іргелетудің, бәсекеге қабілетті етудің жолын түйіндеді.

Біріншіден, спорт пен ғылымның байланысын күшейтіп, спорт медицинасы мен фармакология игілігін мейлінше пайдалану керек.

Екіншіден, спорт инфрақұрылымын дамытып, бұқаралық спортты, әсіресе ауыл спортын бәсекеге қабілетті ету маңызды.

Үшіншіден, керексіз оқу-жаттығу жиындарын азайтып, спортшылармен бірге жаттықтырушыларды мемлекет өз қамқорлығына алып, жүйелі жұмыс істеу керек. Бүгінде бапкерлер бірнеше жерде жұмыс істеп, көп жағдайда шәкіртінің қасынан табыла алмай жатады.

Төртіншіден, отандық спортшылар арасында бәсекелестікті арттыру мақсатында алыс-жақын шет елдерден легионерлер алдыртқан жағдайда, тек үздіктерін шақыру керек. Бұл жағынан Өзбекстанның тәжірибесіне сүйенуге болады. Бұған Олимпиада бағдарламасы бойынша еркін күресте 74 келі салмақта 1-орын алған Дағыстан балуаны Разамбек Жамалов айқын дәлел болады.

Бесіншіден, спорт саласында психологтарды мамандандыру маңызды. Жекпе-жек түрлерінде біздің спортшылар өзімен деңгейлестерін ұтқанмен, әлемдік деңгейдегі спортшылармен шыққанда әдіс-тәсілдерді дұрыс орындай алмай, жүрісінен жаңылады. Осы жерде кәсіби психологтардың көмегін сезінеміз.



МАРАФОН МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

EXPO кешенінің алдында «Жүрек орталығы» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен 1, 3, 10 шақырым қашықтыққа жүгіруден қайырымдылық марафоны өтті.

Биыл кезекті рет өткен қайырымдылық жүгіру сайысы таңғы 7:00-де бастау алып, қатысушылар Түркістан, Ақмешіт көшелері, Ботаникалық саябақ арқылы қашықтықтарды еңсерді.

– Біздің мақсатымыз – трансплантология мәселесінің өзектілігімен қоғамды барынша ақпараттандыру және күту тізіміндегі адамдарға демеу болу. 2020 жылдан бастап egov.kz сайтында донор ретінде тіркелуге ресми түрде 18 жастан асқан азаматтарға мүмкіндік

берілді. Олардың қатарында мен де бармын. Ал 2024 жылдың басындағы статистика бойынша 5 мыңнан астам адам донор болуға келіскен. Менің білуімше, қоғамда донор болғысы келетіндердің саны артуда. Бұған тікелей БАҚ-пен жұмыс істеу, бүгінгідей спорт іс-шараларын ұйымдастырудың арқасында деп ойлаймын, – деді «Жүрек қоры» қоғамдық қорының басшысы Мұрат Зауыров.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 2018 жылы алғаш рет өткен спорт іс-шарасына

60 ғана қатысушы тіркелген. 2019 жылы 300 қатысушы, 2022 жылы 500 қатысушы, 2023 жылы 1300 қатысушы, 2024 жылы 4000-нан астам әуесқой спортшы тіркелді.

«Жүрегіміздің жеңімпазы» атауымен ұйымдастырылған жүгіру марафонының өзгелерден ерекшелігі – мұнда жеңімпаз болмайды. Кез келген адам жарна төлеп, өз ниетіне байланысты жүгіреді. Марафонға, кәсіби спортшылардан бөлек, дәрігерлер, өз кезегін күтіп жүрген науқастар, донорлар қатысты.

